



ӘОЖ 339.74

Сейсенбаева Ж.М.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚША- НЕСИЕ САЯСАТЫНЫҢ АХУАЛЫ

В данной статье изложены направления развития денежно-кредитной политики

Национального банка Республики

Казахстан, рассматривается постепенный переход к целевым показателям по инфляции, что соответствует основной цели

Национального банка Республики Казахстан по снижению инфляции в современных условиях рынка.

In given article are stated the directions of development monetary – credit policy of

National bank of the Republic of

Kazakhstan, is considered the gradual transition to target indicators on inflation,

corresponds to the basic purpose of National bank of the Republic of Kazakhstan on decrease of inflation in modern conditions of the market.

Әлемдік экономикалық дағдарыс көптеген елдердің орталық банктарінің ақша-несие саясатына айтарлықтай әсер етті және ақша-несие саясатының құралдарды пайдалануына белгілі бір өзгерістер енгізді.

Қалыпты экономикалық белсенділікті, экономикалық өсудің қайта қалпына келуінің тұрақтылығына қатысты жоғары белсенділікті және негізгі дамыған елдердегі шектеулі инфляциялық қысымды назарға алсақ, бұл елдердің орталық банктарі өктем ақша-несие саясатын жүргізуіді жалғастыруды. Атап айтқанда, АҚШ-тың Федералдық резервтік жүйесінің пайыздық ставкасы 2008 жылғы желтоқсаннан бастап рекордтық төмен деңгейде болғандығын көрсетті.

Экономиканың өсуінің қалыпқа келуі инфляцияның көтерілуімен қатар жүретін негізгі дамушы елдердің орталық банктарі ақша-несие саясатын катаңдатуға кірісті. Мәселең, Қытай, Онтүстік Корея, Малайзия, Үндістан секілді елдердің орталық банктарі өздерінің пайыздық ставкаларын кетеру жөнінде шешімдер қабылдады.

Мемлекеттік органдардың қызметі қаржы қызметін реттеу жүйелерін қайта ұйымдас-тыруға, ғаламдық экономиканың тенгерімді өсуін қалпына және экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз етуін бағыттаушы күштерін салу басты бағыттарының бірі болып табылады.

Жалпы алғанда 2010 жылы нарық субъектілері мен экономикалық өсудің фазасына кіру арасындағы шаруашылық қатынастардың бір қалыпты және үдемелі қалыпқа келу кезеңі деп атауға болады.

2010 жылы елімізде бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету және жылдық инфляцияның б-8% шегінде ұстап тұру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің негізгі мәсіті болды.


Қазақстан Республикасы ақша-несие саясатының шаралары, сондай-ақ қазақстандық экспорттың негізгі баға ұстанымына қолайлы баға коньюктурасы ішкі валюта нарығындағы тұрақты ахуалдың сақталуына ықпал етті. Осында жағдайларда 2010 жылғы 5 ақпаннан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңге бағамы ауытқуларының дәлізін көнектітті: 150 теңге/доллар (+) 10% немесе 15 теңге, (-) 15% немесе 22,5 теңге. Бұл дәліз 2011 жылғы 20 наурызға дейін белгіленген.

2010 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің пайыздық ставкаларының дәлізі өзгеріссі қалды. Жыл бойына осы дәліздін жоғары шегі болып табылған реңми қайта қаржыландыры ставкасы 7,0% деңгейінде сақталды. Банктерден



тартылатын депозиттер бойынша, ақша нарығындағы қысқа мерзімді ставкалар дәлізінің төменгі шегі болып табылатын ставка 7 күндік депозиттер бойынша 0,5% және айлық депозиттер бойынша 1,0% құрады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінін ресми деректері бойынша 2011 жылғы қантарда инфляция 1,7% (2010 жылғы қантарда – 1,4%) деңгейінде қалыптасты. Азық-түлік тауарларының бағасы 3,0%-ға (1,1%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлардің 0,5%-ға (0,3%-ға) және ақылы қызмет көрсету бағасы 1,2%-ға (2,8%-ға) есті (сурет-1).



Дерек көзі: жинақталған мәліметтер негізінде автормен құрастырылған

Сурет-1. ҚР-дагы 2010-2011 жылғы инфляцияның экономикага әсері

2004 жылдың 1 қантарынан бастап Ұлттық банктің негізгі міндеттерінің бірі болған баға тұрақтылығын қамтамасыз ету инфляция бойынша мақсатты көрсеткіштер жөніндегі оның жауапкершілігін арттыра түсіп, Ұлттық банк жария еткен инфляциялық таргеттеу принциптеріне көшуді білдіреді. Бұл Ұлттық банк қызметіндегі сапалық жаңа кезең болып табылады, іскерлік белсенділікке, банктердің қызметіне әсер етуге және ақша айналымын тұрақтаңдыруға мүмкіндік беретін нақты ақша-несие саясатын қалыптастырып, жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Инфляциялық таргеттеу – инфляция көрсеткіштерінің сандық тұрғыда айқындалған жүйесі. Мұнда орталық банк үкіметпен бірлесе отырып инфляцияның орташа мерзімдік көрсеткіштерін жария түрде анықтайды, бұл орайда орталық банк монетарлық саясатты жүргізулыққа жария етілген инфляциялық көрсеткіш шегінде жүргізу жөнінде өзіне міндеттеме алады.


Инфляциялық таргеттеудің негізгі элементтері мыналар болып табылады:

- Инфляция деңгейін жүргізулыққа жария түрде мәлімдеу;
- Ақша-несие саясатының (АНС) негізгі ұзак мерзімдік мақсаты ретінде баға тұрақтылығына қатысты институционалдық келісім жасау;
- Аралық мақсаттарды таңдаудағы салыстырмалы еркіндік;
- Жүргізулық пен нарықты ақша билігінің мақсаттары мен жоспарлары жөнінде құлағдар ету арқылы АНС-ның транспаренттілігін-мәлілділігін арттыру;
- Реттеуші органдардың жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу жөніндегі жауапкершілігін арттыру.

Инфляциялық таргеттеу режимін табысты түрде енгізу үшін бюджет жағдайының жағымдылығы, макроэкономикалық тұрақтылық, валюта бағамы мен қаржы жүйесінін тиянактылығы, орталық банктің тәуелсіз болуы және инфляция қарқының болжаудың тиімді әдістемесі қажет [1].



Қазақстанда инфляциялық таргеттеу режимін енгізудің осы аталған алғышарттары Қазақстанда бар. Қазақстандағы инфляцияның орта мерзімдік болжаса көрсеткіштерін келтіре кетейік (Сурет- 2):



Дерек көзі: www.afn@kz
Сурет- 2. КР-ғы инфляцияның динамикасы

Суреттен көріп отырғанымыздай, инфляция деңгейінің ең жоғарғы қарқыны 2008 ж. көрсетіп отыр. 2007 жылдың аяғынан басталған бүкіл әлемдік дағдарыс салдарынан болғанын байқауымызға болады. Ұлттық банктің «қатан ақша-несие саясаты» жүргізуден бұл көрсеткішті 2009 ж. 6,2%-ға дейін түсірген. Ұлттық банктің 2009-2010 жылдары жүргізген ақша-несие саясаты экономикадағы тәмен инфляциялық өлеуеттің сақталуына ықпалын тигізді. Осылайша, 2009 жылдың жылдық инфляция 6,2 пайыз (2008 жылы – 9,5 пайыз) болса, 2010 жылдың корытындысы бойынша 7,8 пайызды құрады. Инфляцияның 2010 жылғы өсуінін негізгі факторлары экономикадағы сұраныс пен ұсныстын тен болмауымен, негізінен:

- Бюджеттен берілетін жалақының, әлеуметтік жәрдемақылардың және зейнетакылардың көтерілүінен жиынтық сұраныстын 2010 жылды 25%-ға кеңеюімен;

- Әлемдік тауар нарықтарындағы тұрақсыз ахуалдың сақталуымен, атап айтқанда, ауа-райының қолайсыз болуына байланысты болды, ол әлемдік нарықта бидайға, дәнді-дақылдарға және т.б. ұсныстын қысқаруына және осы тауарларға деген бағанын өсуіне екеп соқты.

Жалпы алғанда тұрақтандыру шараларын жүзеге асыру арқылы еліміздің экономикасы 2 172 млрд. теңге көлемінде қосымша мемлекеттік қолдауга ие болады. 2007-2008 жылдары қолға алынған іс шаралардың және экономиканы тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған жоспарды орындаудың нәтижесінде инфляцияның деңгейі 7-9 пайыздан, жұмыссыздықтың деңгейі 8 пайыздан көтерілмейді.

2010 ж. КР экономикасы дамудың айтарлықтай жоғары қарқының көрсетті. Мәселен, ЖІӨ-нің 2010 жылғы 9 айдағы өсуі 7,5% құрады. Бағалаулар бойынша, 2010 жылдың корытындылары бойынша ЖІӨ-нің нақты өсуі шамамен 7% құрайтын болады. 2010 жылдың 9 айында төлем балансының ағымдағы операцияларының шоты 4,1 млрд. АҚШ дол. (немесе ЖІӨ-нің 5%) профицитпен қалыптасты. Қазақстанға келетін тікелей шетелдік инвестициялардың келуі жалғасуда, олардың көлемі 2010 жылғы 9 айдың корытындылары бойынша 8,2 млрд. АҚШ дол. құрады.

Екінші деңгейдегі банктердің сыртқы қарыздары 2007 жылдың қыркүйегінде 46 миллиард доллар болғандығын, мұнын өзі ішкі жалпы өнімнің 50 пайызына дейін жеткендігін, ал 2011 жылдың қантарындағы мәлімет бойынша банктердің осы сыртқы қарызы 29 миллиард долларға азайтылып, қазіргі күні 17 миллиард долларды құрап отырғандығын, мұнын өзі жалпы ішкі өнімнің 20 пайызын құрайтын көрсеткіш екендігін мәлімдеді. Сондай-ақ 2009 жылдың 1 қантарындағы мәлімет бойынша Ұлттық қордың қаржысы 43 миллиард теңгені құраса, қазіргі күні ол 60 миллиард долларға жетпіп отыр. Сонда екінші деңгейдегі банктердің сыртқы қарызы 29 миллиард долларға азайса, Ұлттық қордың қаржысы 17 миллиард долларға өсken. Дағдарыс кезінің өзінде Қазақстанның қаржы активі 46 миллиард



долларға өссе түскені ақша-несие саясатының қатан түрде жүргізілп жатқанын, ел экономикасының артуына ықпалын тигізіп жатқанын байқауымызға болады.

2010 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша банктердің несие портфелі (банкаралық зайдарды ескере отырып) 2010 жылғы тамыз айында 27,2 млрд. теңгеге немесе 0,3%-ға ұлғайып, 9 118,9 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте ҚР резиденттері еместерге зайдар ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде 1 541,1 млрд. теңгені немесе несие портфелінің 16,9%-н құрады (1.01.2010 ж. осы көрсеткіш 1 803,3 млрд. теңге немесе 18,1% болған). 1 қыркүйектегі жағдай бойынша шетел валютасында берілген зайдар жиынтық несие портфелінің 54,0%-ын немесе 4 926,9 млрд. теңгені құрады (1-кесте) [2].

Kесте 1.

*Екінші деңгейдегі банктердің несие портфелі бойынша, оның ішінде
1.09.2010 ж. ҚР-н резиденті еместерге берілген зайдар бойынша ақпарат*

| Банктердің атауы | Несие портфелі, млрд. теңге | ҚР резиденті еместерге зайдар, млрд. теңге |
|----------------------------|-----------------------------|--|
| «Казкоммерцбанк» АҚ | 2 320,0 | 265,7 |
| «БТА Банкі» АҚ | 1 937,2 | 1 101,1 |
| «Қазақстан Халық банкі» АҚ | 1 191,8 | 85,9 |
| «АТФ Банк» АҚ | 812,6 | 14,5 |
| «Банк ЦентрКредит» АҚ | 706,6 | 25,2 |
| «Альянс Банкі» АҚ | 533,6 | 16,1 |
| «KASPI BANK» АҚ | 266,7 | 0,0 |
| «ТЕМІРБАНК» АҚ | 243,6 | 1,8 |
| «Нурбанк» АҚ | 221,9 | 9,7 |
| «Еуразиялық банк» АҚ | 197,7 | 17,7 |

Дерек көзі: www.afn@kz

1 қыркүйектегі жағдай бойынша банктердің несиелік портфелінің құрылымындағы стандартты несиелердің үлесі 25,7%, құмәнді несиeler – 50,7%, үмітсіздер – 23,6% құрайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің экономикалық саясатын 2011 жылға арналған негізгі бағыттарының бірі ол шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы басталды, оның шенберінде несиелердің жалпы көлемі 101,2 млрд теңге болатын 225 жоба макулданды. Бұл еліміздің жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне әсерін тигізеді [3].

Бірынғай экономикалық кеңістік көлісімдерінің шенберінде қол жеткізілген көлісімдерді іске асыру: катысуши елдердің макроэкономикалық саясаттың көлісілген қағидаттарын, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына мемлекеттік қолдау көрсетудің бірынғай қағидаларын; отандық тауар өндірушілердің көлік инфрақұрылымына көмістіштіксіз қол жеткізуін; сондай-ақ қызметтер, капитал мен жұмыс күші қозғалысының еркіндігін қамтамасыз етеді.

2011 жылы ҚР Ұлттық банкі баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге және қалыптасып отырған макроэкономикалық алғышарттарға бара-бар жылдық инфляцияның төмен деңгейін ұстап тұруға бағытталған ақша-несие саясатын жүзеге асыруды өз қызметінін басым бағыты деп айқындаиды.

Орталық банк ақша-несие саясатын жүзеге асыруда ішкі бағаның тұрақтылығын қадағалай отырып, дами түсітін экономиканың ұзак мерзімді қажеттіліктеріне ықпал ететін ақша массасы мен несисенің қажетті көлемін қамтамасыз етеді.

Ақша-несиелік реттеудін маңызды мақсаттарының бірі – ол бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып ақша-несие саясаты экономикалық өсімге ықпал етеді. Ақша –несие саясаты белсенді жүзеге асыру үшін ақша несие мекемелерінің басшылары бұл мақсатқа жетудін мақсаттары мен жолдарын анықтау қажет.

Ендеше, ақша-несие саясатын жасаушы және жүзеге асыруши органдар нарықтағы жағдайлар үрдісін әрқашан қадағалап отыруы тиіс. Сонымен қатар, олардың қажетті бағыт беретін тиімді құралдары болуы қажет.

Әдебиеттер:

- Сейтқасымов F.C. Банк ісі: Оқулық – Астана: ҚазЭКХСУ:БПО, 2009-б.67
- [www.afn@kz](http://www.afn.kz)
- www.google.kz